




Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

2016ж. қаңтар-қазанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор осы жылда бірінші рет өсіп, 100,2%-ды құрады.

Кен өндіру өнеркәсібі мен саудадағы айлық өсу, сонымен қатар ауыл шаруашылығы, құрылыс пен көлік салаларында көлемдердегі ұлғайудың жалғасуы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуіне себепші болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-қазан	2016ж. қазан	% -бен		2016ж. қазан 2016ж. қыркүйекке
					2015ж. қаңтар-қазанға	2015ж. қазанға	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ЖІӨ (2016ж. 9 ай үшін алдын-ала деректер)	млрд. теңге	31 231.3		100,4*		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	14 919.6	1 706.0	98.3	101.2	107.9
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	3 100.3	599.3	104.3	102.0	56.5
4	Құрылыс	млрд. теңге	2 429.7	350.3	106.5	104.4	101.0
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	418.8	46.5	100.2	100.4	103.0
6	Байланыс	млрд. теңге	559.9	58.2	97.2	100.1	101.2
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	6 071.9	667.1	100.6	105.6	100.8
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	5 750.5	682.9	103.5	99.3	93.6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			115.9	111.5	100.6
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4.9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	139.5	141.9	113.0	108.1	100.0
12	Нақты жалақы индексі**	%				97.0	99.4

* - Деректер 2016ж. 9 ай үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-қыркүйек	2016ж. қыркүйек	% -бен		2016ж. қыркүйек %-бен 2016ж. тамызына
					2015ж. қаңтар-қыркүйегіне	2015ж. қыркүйегіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	43.9	5.5	73.8	89.5	102.6
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	26.2	3.3	73.0	87.0	107.6
1.2.	- импорт	млрд. долл.	17.6	2.2	75.1	93.5	96.0
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс**	мың теңге	656.2	73.3	111.4	107.7	98.9

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ЖІӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-қазанда өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды. Бөлшек сауда өсу аясына көшті. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі баяулады.

Оң үдерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-қазан %-бен 2015ж. қаңтар-қазанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-қыркүйек %-бен 2015ж. қаңтар-қыркүйегіне
1. ЖІӨ (2016ж. 9 ай үшін алдын-ала деректер)	100,4*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу, сонымен қатар өнімге салықтардың өсуі*	
2. Өңдеу саласы	100.4	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100.6
3. Ауылшаруашылығы	104.3	өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	104.9
4. Құрылыс	106.5	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106.9
5. Көлік (жүк айналымы)	100.2	автомобиль, құбыр және теңіз көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100.2
6. Негізгі капиталға инвестициялар	103.5	ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда және жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	104.1
7. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	100.6	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	100.0

* - Деректер 2016ж. 9 ай үшін көрсетілген

2016ж. қаңтар-қазанда өнеркәсіпте тау-кен өндіру есебінен төмендеуі байқалды. Байланыс саласында мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефон байланысы есебінен қызмет көрсету көлемінің төмендеуі орын алды. Сыртқы сауда айналымының төмендеуіне экспорт пен импорттың қысқаруы себепші болды.

Теріс өзгерістер

т/б №	2016ж. қаңтар-қазан %-бен 2015ж. қаңтар-қазанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-қыркүйек %-бен 2015ж. қаңтар-қыркүйегіне
8. Өнеркәсіп	98.3	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің қысқаруы	98.0
8-1. Тау-кен өндіру саласы	96.5	өңделмеген мұнай мен темір кендердегі өндірудің төмендеуі	95.6
9. Байланыс	97.2	мобильді байланыстан, қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	96.9
10. Инфляция	115.9	тауарлар мен қызметтердің барлық топтарындағы бағалардың өсуі	116.4
11. Сыртқы сауда айналымы*	73.8	экспорттың, сол сияқты импорттың төмендеуі	72.1
11-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	73.0	минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің төмендеуі	71.4
11-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	75.1	жабдықтар мен машиналар импортының төмендеуі	73.0

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2015ж. қаңтар-қыркүйегіне 2016ж. қаңтар-қыркүйек үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2015ж. қаңтар-тамызға 2016ж. қаңтар-тамыз үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



Жалпы ішкі өнім


1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

ЖІӨ 0,4%-ға өсті

2016ж. 9 ай үшін ЖІӨ өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,4%-ға өсіп, 31,2 трлн. болды.

ЖІӨ құрамындағы тауарлар өндіру мен қызметтер өндіру сәйкесінше, 0,2% бен 0,4%-ға өсті. Өнімге салықтар 1,6%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің үлестері сәйкесінше, 36,6% бен 56,7%-ды құрады




2016ж. 9 ай үшін құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты. Сауда көлемдерінің және тау-кен саласындағы төмендеу есебінен болған өнеркәсіп өндірісі көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

1.4. ЖІӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. 1-жартыжылдықта ЖІӨ нақты көрсеткіште 0,3%-ға азайып, 18,5 трлн.теңгені құрады.

ЖІӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,6%-ға өсті, жалпы жинақтау 1,5%-ға ұлғайды.

ЖІӨ-нің төмендеуі таза экспорттың қысқаруынан орын алды. Тауарлар мен қызметтер экспорты 8,6%-ға, импорт 4,0%-ға төмендеді.




1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы болып отыр

2016ж. 9 ай үшін ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің ең көп өсуі Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу).

2016ж. 9 ай үшін Өзірбайжан, Беларусь пен Ресейде ЖІӨ сәйкесінше, 3,9%, 2,9% және 0,7%-ға төмендеді.



* - Молдова бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 1 жартыжылдығы үшін көрсетілген

** - Украина бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 3 тоқ. үшін көрсетілген



1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың бағасы әлемдік тауар биржаларында 3,3%-ға өсіп, 2016ж. қазанда баррельге 49,7\$ құрады*. 2016ж. қаңтар-қазанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы өткен жылдың сәйкес кезеңіне 21,7%-ға төмендеп, 42,8\$ құрады.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіруге тиесілі, 2016ж. қазанда оның үлесі тиісінше 40,7%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-қазанда өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдері 2,9%-ға төмендеп, ал натуралды көрсеткіште көлемдер 2,5%-ға төмендеді.


Нәтижесінде өнеркәсіп 10 айдың ішінде 1,7%-ға қысқарды**.

Сонымен бірге, ақшалай көрсеткіште өнеркәсіп көлемдері 28,1%-ға өсті, бұл өсу теңгенің айырбас бағамының әлсізденуінен орын алды.

*- <http://econ.worldbank.org>

**- <http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-қазандағы өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

***-ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-қыркүйекте ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 48,1%-ға тең болды), Қытайға (11,7%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 3 тоқ. ЕО ЖІӨ (28) 1,8%-ға, Қытайда ЖІӨ 6,7% өсті, ал Ресейде 0,4%-ға төмендеді.


Сыртқы сауда айналымы**2016ж. қаңтар-қыркүйек**

2016ж. қаңтар-қыркүйекте сыртқы сауда айналымы 26,2%-ға төмендеді (экспорт 27,0%-ға, импорт - 24,9%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 65,5%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (36,9%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың қысқаруы мынадай тауарлар топтарындағы төмендеуінен орын алды: минералды өнімдер - 34,9%-ға, химиялық өнеркәсіптің өнімдері - 19,4%-ға, металлдар және олардан жасалған бұйымдар - 2,1%.


Барлық негізгі тауарлар топтары бойынша импорттың қысқаруы байқалды. Импорттың қысқаруына елеулі үлесін 31,2%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 3,0 млрд. \$ мөлшерде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар енгізді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу***

2016ж. қазанның аяғында жыл басымен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 0,8%-ға ұлғайды. 2016ж. қазанда өткен айға қарағанда экономикаға берілген кредиттер 0,7% артты.

2015ж. қазанмен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 6,7%-ға ұлғайып, 12,8 трлн теңге болды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу өнеркәсібі (21,4%-ға), ауыл шаруашылығы (19,3%-ға) мен саудада (12,7%-ға) байқалды.



** - өндірістік емес сала, жеке қызмет

*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша



2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ


Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп

10 ай бойы төмендеу

2016ж. қаңтар-қазанында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,7%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 2,0%-ға азаю).

Бұл тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің төмендеуінен орын болды.




Тау-кен өндіру - төмендеу қарқынының баяулауы

2016ж. қаңтар-қазанда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 3,5%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 4,4%-ға төмендеу).

Мұнай (2,9%), көмір және лигнит (5,9%) және темір кендерін (13,9%) өндіру төмендеді.

Табиғи газ (4,6%) және түсті металл кендерін (8,5%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.




Өңдеу - өсудің баяулауы

2016ж. қаңтар-қазанда салада өндіріс көлемдері 0,4%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 0,6%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 7,0%-ға (үлесі - 44,1%) ұлғайды, оның ішінде негізгі асыл және түсті металлдар өндірудің өсуі 9,2%-ды құрады.

Азық-түлік өнімдеріндегі өндіріс көлемдері 3,4%-ды ұлғайды (үлесі - 17,5%).




2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-қазанда құрылыс жұмыстарының көлемдері 6,5%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 6,9%-ға өсу). Құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 9,0%-ға ұлғайды (үлесі - 89,9%).


Құрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше, 12,7%-ға және 9,6%-ға төмендеді.



**2.3. Ауылшаруашылығы****Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім көлемдері есуінің жалғасуы**


2016ж. қаңтар-қазанда ауылшаруашылығы 4,3%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 4,9%-ға есу).

Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнімдердің көлемі 5,6%-ға (үлесі - 57,9%) және 2,4%-ға (үлесі - 41,8%) ұлғайды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемдері жыл басынан бері бірінші рет өсті**


2016ж. қаңтар-қазанда бөлшек тауар айналымының көлемдері 0,6%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - өзгеріссіз).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемдері 3,6%-ға өсті (үлесі - 53,9%), дара кәсіпкерлердің тауарларды бөлшек сату көлемдері 2,7%-ға төмендеді (үлесі - 46,1%).

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Әлсіз өсу жалғасуда**


2016ж. қаңтар-қазанда жүк айналымының көлемдері 0,2%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-қыркүйекте де - 0,2%-ға есу).

Өсуіне құбыр көлігіндегі 1,4%-ға (үлесі - 19,6%) және автомобиль көлігіндегі жүк айналымының 0,7% -ға (үлесі - 31,6%) ұлғаюы себепші болды.

**2.6. Байланыс****10 ай бойы төмендеу**

2016ж. қаңтар-қазанда байланыс қызметінің көлемдері 2,8%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 3,1%-ға төмендеу).

Төмендеуге мобильді байланыстан түскен кірістердің 12,8%-ға (үлесі - 32,8%) және қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің 22,0%-ға (үлесі - 5,1%) азаюы себепші болды.





3. Инфляция


3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Жылдық инфляцияның баяулауы

2016ж. қаңтар-қазанда инфляция 15,9%-ды құрады (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 16,4%), бұған тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуі себепші болды.

Айлық инфляция 0,6%-ды құрады (2016ж. қыркүйекте - 0,2%).

Жылдық инфляция жоғары базаның әсері мен теңге айырбас бағамының тұрақтандыруы есебінен 11,5%-ға дейін баяулады (2016ж. қыркүйекте - 16,6%-ға өсу).



4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Негізгі капиталға инвестициялар өсуінің баяулауы

2016ж. қаңтар-қазанда инвестициялар 3,5%-ға өсті (2016ж. қаңтар-қыркүйекте - 4,1%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты (үлесі - 60,5%) есебінен қаржыландырудың 12,8%-ға артуы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті өнеркәсіп (6,5%-ға өсу), ауыл шаруашылығы (52,1%-ға өсу), сауда (33,5%-ға өсу) мен әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет (59,4%-ға өсу) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыспен қамтылғандардың өсуі мен жұмыссыздардың төмендеуі

2016ж. қазанда 2015ж. қазанмен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,9%*-ға артты, ал жұмыссыздар саны 0,4%*-ға азайды.

Жұмыссыздық 4,9%* деңгейде қалды.




5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі жалғасты

2016ж. қаңтар-қазанда орташа айлық номиналды жалақы 13,0%-ға өсті.

Нақты жалақы 2015ж. қазанға қарағанда 3,0%-ға төмендеуді көрсетті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. қыркүйекте 7,7%-ға төмендеуді көрсетті.



* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері